



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

13 мамыр  
сейсенбі  
№35 (2148)  
2025 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### ДИҚАНҒА ДЕМЕУ БОЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Елімізде аграрлық саланы дамыту, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға басымдық берілуде. Биыл Мемлекет басшысы көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарын ерте қаржыландыруды тапсырған болатын. Бұл өз кезегінде егіс науқанына қажетті дүниелерді сатып алу, техникамен қамтамасыз ету сынды шараларды уақытында атқаруға мүмкіндік береді. Соның аясында былтыр қараша айынан бастап «Кендала-2» жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасы іске қосылған.

Көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарын жүргізуге жалпы 700 млрд теңге бөлу жоспарланған. Бүгінде еліміз бойынша 6100 ауыл шаруашылығы өндірушісі жалпы сомасы 382,5 млрд теңгеге қаржыландырылған. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігі жариялады.



— Үкімет қабылдаған шаралардың нәтижесінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері қаржылық ресурстарға барынша жеңілдетілген әрі қолайлы шарттармен қол жеткізіп отыр. Бағдарламаға қатысушылардың аясын кеңейту мақсатында несие рәсімдеп, оны өтеуге жүгінуге болатын қаржы институттарының қатары ұлғайтылды. Жалпы 480,5 млрд теңгеге 7 мыңға жуық өтінімнен тұратын пул қалыптасты. «Аграрлық несие корпорациясы» жылдық 5% жеңілдетілген сыйақы мөлшерлемесімен «Кен дала – 2» бағдарламасы аясында қаржыландыруды жалғастырады. Қаржыландыру процесіне Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары белсенді атсалысуда. Осы өңірлік құрылымдар арқылы ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға 165,3 млрд теңге бөлінді, — деген министрлік ақпаратында.

2-БЕТТЕ

### ЕҢБЕК АДАМЫ

Қуандық ТӘҢІРБЕРГЕНОВ,  
электр маманы:

### ЭЛЕКТРИКТЕР САНАТЫН «ТӨТЕНШЕЛІКТЕРМЕН» ТЕҢЕСТІРУ КЕРЕК



ЖҰМЫСШЫ  
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ  
ЖЫЛЫ

Қазіргі уақытта электр жарығынсыз бір күніміз жоқ. Тіпті кейде аз ғана уақытқа жарық өшіп қалғанын өзінде шыдамсызданып кетеміз. Ал ол жарықты қосу үлкен еңбек екенін және оның қауіпті де болуы мүмкін екендігін естен шығарамыз. Электр мамандары – уақытпен санаспай халыққа еңбек етеді.

Жемісті еңбек етіп жүрген бұл мамандық иелерінің әрбір жұмысы қауіпті. «Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек», — делі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Біздің кейіпкеріміз осындай құрметке лайық жан. Қорқыт ата атындағы халықаралық әуежай АҚ-ның инженері Қуандық Тәңірбергенов мамандықтың қыр-сыры, қиындығы жөнінде айтты.



### БАЛА КҮНІМНЕН ҚЫЗЫҚТЫМ

Қуандық Тәңірбергенов электр мамандығы бойынша 15 жылдан бері түрлі кәсіпорындарда қызмет етіп келеді. 2015 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы халықаралық әуежайда АҚ жұмыс істеуде. Өуе көліктерінің ұшып қонуы кезінде қону алаңдарының жарықпен қамтамасыз етілуі, әуежай терминалындағы әрбір техника, құрылғы тоқ өткізгіші арқылы жұмыс істеп тұрғандықтан жарықтың сөнбеуі секілді жауапты жұмыстардың барлығын Қуандық атқарады.

2-БЕТТЕ

Алматы қаласында белгілі спорт комментаторы Амангелді Сейітханды еске алуға арналған шағын футболдан республикалық турнир өтті. Тартысты додадаға ел аймақтарынан барған қаламы жүйрік журналистерден құралған 14 команда қатысты.

Журналистер арасындағы футболдан турнир жыл сайын Амангелді Сейітханның туған күні қарсаңында өтеді. Спорттық шара биыл «Хабар» агенттігінің 30 жылдығы аясында өтті.

### «Ақмешіт»

### командасы — чемпион!



Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын шағын футболдан Сыр өңірінің БАҚ өкілдері де қалыс қалған емес. Сыр өңірінің журналистерінен құралған «Ақмешіт» футбол командасы бірінші орынды иеленді. Сырбайлық журналистерден құралған команда 2023 жылы да дәл осы республикалық турнирде жеңімпаз атанған еді.

Қала әкімі Нұржан Ахатов «Ақмешіт» футбол командасын салтанатты түрде қабылдап, жеңісімен құттықтады.

— Бұл жеңіс Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл мерейтойы қарсаңында зор маңызға ие болып отыр. Сіздер журналистика саласында ғана емес,

спортта да серпінді қадам жасадыңыздар. Доп додасында дарабоз атанып, мерейімізді асыра білдініздер. Бұл — ортақ абырой. Жеңістеріңіз құтты болсын! — делі қала әкімі.

Айта кетейік, жеңімпаз команданы қалаға кіре беріс қақпадан қызылордалық жанкүйерлер, әріптестері, достары ерекше қуанышпен күтіп алды. Олардың қатарында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов пен қала әкімінің орынбасары Бакытжан Омар да бар. Олар БАҚ өкілдеріне құрмет көрсетіп, чемпиондарға ыстық лебіздерін білдірді.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

### АЖЫРАСУ — ҚОҒАМНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Жыл сайын мемлекет отбасы құндылықтарын насихаттайтын бастамаларды қолдауға, ана мен баланың құқығын қорғауға күш салып келеді. Бұл отбасын жоспарлаудың салмағы мен жауапкершілігін арттырып отыр. «Орман-тоғай жап-жасыл болып жайқалуы үшін ондағы әрбір ағаш бір атуы тиіс» болса, мемлекеттің нығая түсуі үшін де әрбір отбасының бірге болуы маңызды. Себебі отбасы құндылығын бірінші кезекке қоятын, шаңырағы тату елдің келешегі кемел екені белгілі. Өкінішке қарай, кейінгі кезде отбасыны сақтап қалу азайып, шаңырақтың шайқалуы оңай болып кетті.

4-БЕТТЕ



### БАСБАРМАҚҚА ТӘУЕЛДІЛІК немесе цифрлы қоғамның бейнесі



Цифрлық дәуірде адамдардың қарым-қатынасы да өзгерді. Әсіресе жастар әлеуметтік желісіз өз өмірін елестете алмайды десек артық айтқандық емес. Бірі хабарласу үшін қоңырау шалмай, мессенджерлерде мәтін жазуды құп көрсе, екіншісі әлеуметтік желілерде өз бейнесін өзгеше қырынан таныстырып, виртуалды «мен» қалыптастырады. Үшіншісі сол желідегі жазбаларына басылатын «лайттардың» санағына алаңдап, көңіл күйі де соған тәуелді екені өтірік емес. Неліктен бұлай? Осы орайда жаңа буынның байланыс құралын қалай пайдаланатынын зерттеп көрдік.

2-БЕТТЕ

### Баспасөз-2025

### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың  
екінші жартыжылдығына  
жазылу жүруде.

Қапы қалманыз, сүйікті  
газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін  
6 айға — 3000 теңге,  
мекемелер үшін —  
4000 теңге.

Баспасөзге қатысты  
сауалдарыңыз болса,  
мына нөмірлерге  
хабарласыңыздар:  
40-05-81, 70-14-08.

# ДИҚАНҒА ДЕМЕУ БОЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірушілерін қаржыландыруды жеңілдету үшін несиe сомасының 85 пайызына дейін кепілдік беріледі. Биыл «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жалпы сомасы 159 млрд теңгені құрайтын несиелерге 135,2 млрд теңгеге 943 кепілдік берілген. Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы ауыл шаруашылығы техникасын жылдық 5 пайыз мөлшерлемемен жеңілдетілген лизингке беру. Осы жылға жалпы қаржыландыру лимиті – 200 млрд теңге деп белгіленген. Бұл ауыл шаруашылығы өндірушілеріне 6 000-нан астам отандық техниканы сатып алуға мүмкіндік береді екен. Қазіргі күні 120 млрд теңгеге 3 200 өтінім қабылданса, 60,7 млрд теңгеге 3 435 техника бірлігін сатып алуға 1 823 шарт жасалған.

Бұл бағдарламаны Сыр диқандары да тиімді пайдалануда. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев мәлімдеген.

Басы 1-бетте

– Бағдарлама аясында несиенің 85 пайызы кепілдеме ретінде «Даму кәсіпкерлікті қолдау қоры» тарапынан қаржыландырылады. Биыл көктемгі егін егу және дала жұмыстарын жүргізуге «Кең дала-2» бағдарламасы шеңберінде облыс бойынша қараша айынан бастап құжаттар қабылданды. Нәтижесінде «Аграрлық несиe корпорациясы» АҚ арқылы 7,8 млрд теңгеге 63 шаруашылықтан өтінім түсіп, 12 шаруашылыққа 3,6 млрд теңгеге, ал «Фридом Банк Қазақстан» АҚ арқылы 3 шаруашылыққа 2 млрд теңге несиe берілді. Жалпы көктемгі егін егу және дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 15 шаруашылық 5,6 млрд теңгеге қаржыландырылса, «Даму» қоры арқылы барлығы 10 шаруашылыққа 2,9 млрд теңгеге кепілдеме берілді, – деді басқарма басшысы.

Биыл аймақта 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған. Өткен жылмен салыстырғанда егіс көлемі 4300 гектарға қысқарған. Үкіметтің жол картасына сәйкес күрші егісі 80900 гектарға бекітілген. Дәнді дақылдар 97,1

мың гектар, майлы дақылдар 5,6 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,6 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 17,4 мың гектарды құрайды. Сондай-ақ вегетациялық кезеңде егісті сумен қамтамасыз ету мақсатында биыл шаруашылық аралық каналдар 62 пайыз, ішкі шаруашылық каналдар 96 пайыз тазаланып, 178 дана насос қондырғысының 97 пайызына, 182 дана гидробекеттің 91 пайызына жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ал Қызылорда қаласы бойынша 8709 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Оның 3689 гектарына күріш, 118 гектарға жаздық бидай, 130 гектарға картоп, 1329 гектарға көкөніс, 990 гектарға бақша дақылы және 2453 гектар мал азықтық дақыл егіледі.

Қазіргі таңда Сыр диқандары ерте көктемде егілетін дақылдарды егуді аяқтады. Сондай-ақ күріштің 1713 гектары егіліп, 1377 гектары суға бастырылған.

А.ӘЛІМ

# БАСБАРМАҚҚА ТӘУЕЛДІЛІК немесе цифрлы қоғамның бейнесі

## Қоңырау емес хат: жаңа буынның тандауы

Телефон шырылдап жатса, жас-тардың тұтқаны көтермей, керісінше, қоңырауды өшіріп қойғанын байқаймыз. Анығын айтқанда, қоңырау шалғаннан гөрі хат жазуды жөн көретін үрдіс қалыптасты. Жастар неге телефон арқылы сөйлесуден қашады? АҚШ-тың «Bankcell» компаниясы жүргізген соңғы зерттеу нәтижесіне сүйенсек, қазір адамдарды шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: қоңырау шалуды жөн көретіндер және хат арқылы сөйлескенді қалайтындар. Екінші топ – жазбаша байланысқа бейім жандар және олардың басым бөлігі 1980 жылдан 2000 жылға дейін туған «миллениалдар» буынына жатады. Бұл – цифрлық және аналогтық медианың тоғысында өскен буын. Бір қарағанда елеусіз көрінетін бұл айырмашылық іс жүзінде коммуникацияда үлкен киындық туындататыны анықталған. «Миллениал» ұрпақ өмірінің алғашқы кезеңінде қарапайым ұялы телефондарды пайдаланған, ал 2000 жылдардан бастап мессенджерлерге көше бастады және бұл байланыс түрі оларға әлдеқайда ұнайтыны белгілі болды. Яғни жастар арасында мәтіндік мессенджерлер бірінші орында. Бұл үрдіс нәліктен орын алып отыр? Штегедік сарапшылар мен психологтар мұны бірнеше фактордың әсерімен түсіндіреді: бір жағынан цифрлық коммуникацияның ыңғайлылығы мен тиімділігі аталса, екінші жағынан «телефобия» деп аталып жүрген – телефон арқылы сөйлесуден сескену, мазасыздану құбылысы алға тартылады.

2024 жылғы «Uswitch» жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша, 18-34 жас аралығындағы респонденттердің 70%-ы телефонмен сөйлескеннен гөрі мессенджерде хат жазусуды тандай-тынын көрсеткен.

«Pew Research Center» мәліметі бойынша, жастар үшін қоңырауға қарағанда мессенджерлер әлдеқайда ыңғайлы екен. «Gallup» жүргізген зерттеулер де мәтіндік хабарламалар қоңыраудан басым екенін көрсетті. Телефонмен сөйлесу жиілігі азайып келеді, ал жазбаша қарым-қатынас жаңа стандартқа айналды.

Канадалық коммуникация маманы Мэри Джейн Коппс жас маманның телефонмен сөйлесуге дағдыланбағанын айтады. Көпшілігі тек жақын туыстарымен сөйлесіп үйренген, ал жұмыс барысындағы қоңырау олар үшін үрей тудырады. Ал сарапшылар не дейді? «OpenMarket» зерттеуіне сүйенсек, жастардың 76%-ы мессенджерде жазбаша хабарласу ыңғайлы деп есептейді. Себебі ол кестені бұзбайды, жауабын кейін де беруге болады. Ал 63%-ы мессенджер қоңырауға қарағанда «аз мазалайды» деп есептейді.

Психотерапевт Элоиза Скиннер бүгінде адамдардың артық уақыты жоқтығын, сондықтан аяқастынан келген қоңырауды көбіне қауырт немесе жағымсыз жаңалықтың нышаны деп қабылдайтынын айтады. Яғни қоңыраудың күтпеген эмоциялық салмағы бар, ал хабарламамен жай ғана хал сұрасу жеңіл әрі қауіпсіз сезіледі.

Басы 1-бетте

## Әлеуметтік желідегі виртуалды «МЕН»

Әлеуметтік желідегі парақшамыз – болмысымызды көрсетудің бір әдісі. Онда шынайы өмірдегі бейнемізді сәл өңдеп, безендіріп, қалаған қырынан көрсетуге тырысамыз. Әдемі фотолар, қызықты жазбалар – бәрін іріктеп жариялап, басқа адамдарға «виртуалды менді» таныстырамыз.

Интернетте өз бейнемізді жасау – бұл өз қолымыздағы іс. «Psychology Today» журналында жарияланған зерттеуге сүйенсек, әлеуметтік желідегі «құрастырылған бейне» – жеке өзіміз туралы онлайн контентті мұқият іріктеу, ұйымдастыру және ұсыну деген сөз. Яғни «Facebook», «Instagram», «TikTok» тәрізді платформалар бізге «арманымыздағы профілімізді» бейнелеуге мүмкіндік береді. Әдетте, мұнда әркім өзіне ұнамды, өзгелерді қызықтыратындай қырларын көрсетуге тырысады.

Психолог Брюс Уилсон бұл құбылысты «Онлайн әлем – кім екенімізді дегенді қайта жасап шығаратын кенеп. Сіз өзіңізге сәулетші, дизайнер және суретшісіз» – деп жазады. Зерттеушілер «виртуалды менді» шынайы болмыстың сәл көркемделген түрі деп анықтама береді. Яғни желідегі «мен» көп жағдайда шын өмірдегі өзіміздің гөрі мінсіздеу көрінуі мүмкін. Мұндай виртуалды бейне қалыптастырудың басты мақсатының бірі – өзімізді қоғамға жақсы қырынан таныту. Әлеуметтік желіде біз күнделікті өміріміздегі тек жақсы жаңалықтарды, әдемі суреттерді, қызықты оқиғаларды бөлісеміз. Бұл – бір жағынан, өзімізді позитивті көрсету ниетінен туса, екінші жағынан, желі қолданушыларының талғам-талабына сай келу қажет.

Онлайн-имидж саналы түрде қалыптасады: көп адам әлеуметтік желіге кез келген суретін не ойына келгенін сала салмайды. Керісінше, өз бейнесін басқару үшін белгілі бір «сүзгіден өткен» өмірді көрсетеді. «The Guardian» зерттеуіне сүйенсек, «Instagram» желісінде қолданушылар тек әсерлі, әдемі көрінетін фотоларын жүктеп, түрлі сүзгілерді қолданып, мінсіз көрініс жасауға ұмтылады. Ал жағымсыз, ыңғайсыз сәттер көлеңкеде қалады. «Pew Research Center» жүргізген сауалнама-сы бойынша жасөспірімдердің едәуір

бөлігі өз бейнесіне сай келмейтін не өзгелер мазак қыла ма деп қауіптенген жазбаларды жарияламайтынын байқатты: жасөспірімдердің 38%-ы желідегі образымен үйлеспейтін контентті әдейі салмайтынын, 40%-ы көпшілік алдында ұятқа қалудан қорқып кей жазбаларды жарияламайтынын айтқан. Яғни көпшілік аудиторияның реакциясын алдын ала болжап, қолайлы болатындай контентті ғана тандауға тырысады.

Мұндай имидж қалыптастырудың бәрі, түттеп келгенде, әлеуметтік желіде өзіңе деген назар мен қолдау табу мақсатына саяды. «Лайк» пен пікір – қазіргі виртуалды өмірдің өлшем бірлігі. Көп «лайк» жинаған жазба авторға көтеріңкі көңіл-күй мен сенім сыйласа, аз қолдау тапқан пост көңіл-күйін түсіріп, өз-өзін бағалауын төмендетуі ғажап емес. Мысалы, АҚШ-та жүргізілген бір зерттеуде жасөспірімдерге әдейі аз лайк жиналған жалған әлеуметтік желі аккаунттары көрсетілгенде, олар өздерін

ғарылап, тіпті депрессия белгілері күшейе түсетінін ғалымдар байқаған. Себебі «Instagram» өзге платформаларға қарағанда көбіне әдемілік пен табысты көрсетуге бағытталған, сол арқылы қолданушыны «бәрінен қалып қойғандай» сезімге бөлеуі мүмкін. «Instagram vs. шынайы өмір» тақырыбы соңғы жылдары жиі талқыланып жүр. Платформаның өзі де мұны мойындайды: «Facebook» компаниясының (қазір Meta) ішкі зерттеуінде «Instagram желісінде әлеуметтік салыстыру әсері өзге әлеуметтік желілерге қарағанда күшті екені айтылған. Ондағы мәлімет бойынша, «Instagram» жасөспірім қыздардың кемінде үштен бірінің өз бейнесін көңіл толмаушылығын тудырады екен – яғни, әр жасөспірім үш қыздың біреуі өз түрін «Instagram»-дағы идеал түрмен салыстырудың салдарынан өз бейнесін ұнатпай қалған. Сол зерттеуде өзін «ұсқынсызбын» деп санайтын жасөспірімдердің 40%-дан астамы мұндай сезімнің болуына тікелей «Instagram» түрткі болғанын айтқан. Бұның бір себебі – «Instagram»-да адамдар, әсіресе танымал тұлғалар мен блогерлер өзінің ең мінсіз, жылытаған бейнесін ғана ұсынады. Әрине, әлеуметтік салыстыру тек «Instagram»-ға ғана тән емес – кез келген желіде бар үрдіс. Дегенмен платформалардың ерекшеліктері бұл құбылыстың қарқын алуына әсер етеді.

Әлеуметтік желінің тағы бір ықпалы – өзіндік құндылықты сыртқы факторға тәуелді ету. Мысалы, біреудің жазбасы күткендей қолдау жинамаса, ол өзін сәтсіз, сүйкімсіз сезінуі мүмкін. Бұрын адамның бағасы ортасының пікірмен өлшенсе, қазір бүкіл онлайн қауымдастық пікіріне тәуелді десек те болады. «Facebook»-тың бұрынғы жоғары лауазымды қызметкері Чамат Палихапития әлеуметтік желілердегі осындай мақұлдауға тәуелділікті сынай келе, былай деді:

– Біз өмірімізді осы қысқа мерзімді сигналдар – жүрекшелер, лайктар арқылы бағаланатын мінсіз бейне төңірегінде құрастырамыз.

Біз оларды шын махаббатпен не шынайы құндылықпен шатастырамыз. Ал шынығында бұл – өтпелі, бір мезеттік нәрсе, жалған танымалдық, ол сізді уақыт өте бос әрі жан дүниенізді қаңырап қалғандай сезімде қалдырады, – дейді ол.

Расында да, әлеуметтік желідегі лайк адамның бір сәттік қуанышы ғана. Бұл цифрлық көрсеткіштерге тәуелділік қалыптасып, атак-абырой іздеуге итермелейді. Сарапшылар лайк қуаламай, әлеуметтік желіде тек марапат емес, шынайы байланыс пен мәзмің іздеу керек екенін ескертеді.

Әлеуметтік желі – жаңа мүмкіндік, әркім өз қабілетін көрсетуге, әлеммен байланысуға жол ашты. Жастардың қоңыраудан қашып, жазбаша тілдесуді тандауы, әлеуметтік желіде виртуалды бейне қалыптастыруы мен лайктарға тәуелділігі – цифрлық қоғамның жаңа бет-бейнесі. Бұл өзгерістердің астарында технологиялық ілгерілеу ғана емес, психологиялық әсер де бар. Маңыздысы – шынайы өмір мен виртуалды әлем арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Бәрінен де шынайы эмоция мен адаммен қарым-қатынас маңызды екенін ұмытпауымыз керек.

София ХАЙРУЛЛА

Сурет шығ. дереккөзден алынды

## Қуандық ТӘҢІРБЕРГЕНОВ, электр маманы:

# ЭЛЕКТРИКТЕР САНАТЫН «ТӨТЕНШЕЛІКТЕРМЕН» ТЕҢЕСТІРУ КЕРЕК

– Қанша дегенмен, апатты жағдай орын алуы мүмкін. Оған да тастүйін дайындықпен резервтегі тоқ көздерін жылдам қосу керек. Осындай жауапкершілікті жұмысты істеп жүрген жайым бар, – деп бастады әңгімесін ол.

– Осы мамандықты тандауыңызға не себеп болды?

– Бала күнімнен техникаға қызығатынмын. Үйдегі электр құралдары істен шықса, оны ашып, жөндеуге тырысатынмын. Өкем де қолынан іс келетін адам, әкемнен үйренгенім көп. Уақыт өте келе бұл қызығушылық мамандық тандауыма себеп болды.

– Еңбекқор болу үшін адамға қандай қасиет қажет?

– Негізгі адамға адам ретінде өмір сүру үшін де керек қасиеттер бар. Олар – адамгершілік, жауапкершілік. Өмірге адами тұрғыда қарап, өз ісіне жауапкершілік танытса, кез келген жұмыс нәтижелі болады. Сонымен қатар шыдамдылық пен төртпін те қажет.

– Қанша дегенмен, жұмыстың ауыр екені белгілі. Кейде қреслода отыратын қызметтегілерге қызыққан кезіңіз болды ма?

– Әрине, ондай ой келетін сәттер болады. Бірақ әр мамандықтың өз киындығы мен жауапкершілігі бар. Қреслода отырса, ол кісі де өз саласында тер төгіп жүр. Ал мен өз жұмысымның нәтижесін көріп, наным жеп, отбасымды асырап отырмын. Біреулерлер кара жұмысшы, техникалық кәсіп иесі деп менсінбей қарауы мүмкін. Шын мәнінде, бұл саладағы жұмысшылар өзін менсінбеген адамнан әлдеқайда білімді болуы мүмкін. Қарапайым ғана мысал, жарық өшіп қалды дейік. Егер сіз оның маманы болмасаңыз, тек өшіп қалды деп қабылдайсыз. Ал оның бір ғана емес, бірнеше себебі, тіпті адам өміріне қауіп төндіретін ақауы болуы да мүмкін. Сөнген жарықты жағамын дегенше де, жаққаннан кейін де электртіктің жаны жай таппайды. Өйткені ол – ешкімге бағынбайтын, үңсіз ғана, тек формуламен қимылдайтын кернеу. Кез келген уақытта ойламаған жағдай орын алса, ол да – сын. Сіз де «электриктер тек қысқаш пен бұрауышты ұстап жүреді» деп ойлайтын шығарсыз. Дәл сол сияқты, мен де сізді «қаламсан пен блокнот ұстап жаза салады» деп ойлауым мүмкін. Сондықтан біреудің мамандығына қызығушылықпен қарағаннан гөрі өз ісіне жауапкершілік танытқан дұрыс шығар деймін.

– Жеткен жетістіктер, алған марапаттарыңыз бар ма?

– Марапат дейтін көп қағазым жоқ дегенмен, осы жұмыс орнымнан алған екі марапатым бар. Бірі – жақсы еңбек еткенім үшін берілген Алғыс хат, екіншісі – әуежайдың 20 жылдық мерейтойы қарсаңында берілген «Құрметті қызметкер» медалі. Аз да болса, осының өзі көптей көрінеді. Еңбегімді елеп, марапатқа ұсынып, беріп жатқан ұжымыма, басшыларға алғыс айтамын. Ең үлкен марапат, ол – ықылас қой. Жұмысыңды көріп, елеп, бірауыз лебізін айтса, сол да біз үшін марапат.

## Өз ісіңнің шебері бол

– Жұмыстың қиындығына қалай шыдайсыз?

– Қиындыққа төзу үшін жұмысыңды ынтамен істеу керек. Сонымен қатар тәжірибе жинақталған сайын, бұрынғыдай логикалық тұрғыдан қиналмайсың. Ал физикалық ауыртыпалық міндетті түрде болады. Жұмыстың күрделі, қиын болғанын көре тұра тәуекелге бел байлаймыз. Көз алдыма бала-шағамның ас-ауқаты, олардың сұранысы, тұрмыстық жағдай келіп тұрған соң жұмысты оңай, қиын деп қарауға мұрша жоқ. Отбасымын қолдауы, сенімі, болашағы және жанымдағы әріптестердің демеуі жігер сыйлайды.

– Абыройлы болу үшін не маңызды?

– Бұл сөздің ауқымы өте кең ғой. Жан-жақты қарастыруға болады. Енді жұмыс барысындағы қадір-қасиет, атак-дәреже тұрғысынан келсек, абыройлы адам – адамдығын сақтаған, адал еңбек пен сөзге беріктігін ұмытпаған жан. Қандай жағдай болсын, уәдеде тұрып, өз ісінді адал атқарсаң, абырой өзіңіңнен келеді. Айналан саған сенім артып, бағаңды білсе, бұл да – абырой. Абырой дегеннің өзі қолға ұсталмайтын, дерексіз нәрсе болған соң, оған керек қасиеттер де адами құндылықпен тікелей байланысты.

– Мамандық тандаған жастарға қандай кеңес айтар едіңіз?

– Шыны керек, жастардың көбі қазір техникалық мамандық тандағысы келмейді. Өйткені әкешісінің қиыналып жұмыс істеп, қажып жүргенін көріп өскен бала оңай жұмыс іздейді. Менің ойымша, солай. Ал осы мамандықты тандаған жастар болса, айтарым, ұқыптылық керек. Электр – ойыншық емес, қауіпсіздік талаптарын сақтамаған жағдайда үлкен қатерге ұшырауы мүмкін. Сондықтан білімге құштар, жауапты, жан-жақты болу қажет. Тығбай жұмыс істеуге ынтасы бар адам қай салада да жетістікке жетеді.

## Естен кетпес оқиға

– Осы жұмыста жүріп өміріңізге қауіп төнген немесе біреудің өмірін құтқарған сәттер болды ма?

– Әрине, қауіпті жұмыс болған соң түрлі жағдай болады. Дәл жұмыс орнымда болмаса да тоқпен жұмыс істеу барысында бірнеше рет оқиға орын алды. Әуелі Құдай, содан кейін сақтық ережелерін қолдануың арқасында аман қалдым деп ойлаймын. Мұндай қауіпті сәттер уақыт пен өлшемді тандамайды. Жерде тұрсаң да, бағанада тұрсаң да, тіпті қарапайым шам ауыстыру сәтінде де болуы мүмкін. Жұмыс барысында жанымадағыларға сак жүруді үнемі айтамын. Ал біреудің өмірін құтқару бойынша бір оқиға болды, бірақ бұның жұмысқа қатысы жоқ. Бесінші қабаттан құлап, ес-түссіз жатқан 4-5 жастағы баланы жедел жәрдем келгенше алғашқы көмек көрсетіп, жасанды дем мен жүрек массажын жасау арқылы оятып алдым.

Жалпы, менің ойымша, осы электр энергетикасы саласында жұмыс істейтін мамандарды төтенше жағдай мамандарымен бірдей мәртебеге не техникалық маман ишелеріне жатқызуды керек. Оған себеп жоқ емес, электр жүйесімен жұмыс істеу – адам өміріне тікелей қауіп төндіретін сала. Жоғары кернеулі тоқ, от алу қауіп, жарылыс немесе өрт шығу ықтималдығы сияқты факторлар бар. Апат кезінде (мысалы, су тасқыны, өрт, боран, жел, т.б.) жарық жүйесін қалпына келтіру, сым желілерін оқшаулау, тұрғындарды тоқ соғу қауіпінен сақтау – электртіктің міндеті. Бұл тұрғыда олар құтқарушылармен қатар жұмыс атқарады. Электрлік те қауіпсіздік техникасын білуі де, арнайы жабдықтармен жұмыс істеуді меңгеруі де міндетті. Жоғары дәлдік, физикалық дайындық және төзімділік, жедел шешім қабылдау қабілеті, яғни апат болған жағдайда әрекет ету тактикасы да төтенше жағдай талаптарына сай келеді. Ойымда жүрген осындай ұсынысым бар еді, орыңдала ма, орыңдалмай ма, уақыт көрсетер...

– Сұхбатыңызға рахмет.

**Р.С.** Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табайды» деген сөз бар. Яғни кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Биыл еңбекқор, нағыз кәсіби мамандардың мәртебесі арта түспек. Ал оларды насихаттап, қоғам алдындағы абыройын асқақтата түсу біздің міндетіміз болып қала береді.

Сұхбаттасқан Айтқолкын АЙТЖАНОВА



Адам жанына шипа дарытқан ақ халатты абзал жандардың еңбегі қашан да құрметке лайық. Осы орайда, өз ісіне адал, тәжірибелі, әрі білікті мейіргер – Қымбат Байназарованың еңбегі ерекше. Балалардың тілін тауып, қашанда ақжарқын қалпымен баурап алатын мейірімді жан ұзақ жылдар облыстық балалар ауруханасында қызмет етуде.

Ол балалық шағынан осы мамандыққа бейімделіп, мектеп қабырғасында жүріп-ақ айналасына көмектесуге дайын тұратын. Ауылдағы медпункт дәрігерлерінің ақ халат киген бейнесіне қызыға қарап, адам жанына дауа табатын мейіргер болсам деп армандайтын.

## БАЛА ШИПАГЕРІ

Қымбат Сайпенқызы 1973 жылы Жалағаш ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. Ол туған жерден небір білікті дәрігерлер шыққанын мақтан ететін. Еңбек жолын 1995 жылдан облыстық ауруханада ота жасау мейіргері ретінде бастаған. 2017 жылдан бері облыстық көпбейінді балалар ауруханасының ота жасау бөлімінде қызмет етіп келеді. 30 жылдық еңбек өтілі бар маман қажырлы еңбегі мен табандылығының арқасында бірнеше мәрте арнайы марапаттарға ие болды.

2009 жылы Акрам Ыдырысов атындағы қордың «Жылдың озат мейірбикесі» номинациясымен марапатталса, кәсіби біліктілігі үшін бірнеше мәрте облыстық кәсіподақ ұйымының, аурухана басшылығының алғыс хаттары табысталды.

– Біздің жұмысымыз өте жауапты. Соған қарамастан мамандығымды жақсы көрген соң науқастармен тіл табысып, жылы қарым-қатынас орнатуды қалаймын. Әсіресе бала жүрегі нәзік, әсершіл. Ауырған соң беймаза

күйге түседі. Ата-анасына да оңай емес. Ота жасауды уайымдап ұйықтамайтыны бар. Психологиялық қолдау көрсетіп, мейіріммен қарау ақ халаттының міндеті деп ойлаймын. Біздің жұмыс салғырттықты көтермейді. Өйткені отаға алынған адамның өміріне біз жауаптымыз. Талай сын сағатты бастан өткердік. Тағдыры қыл үстіндегі нәрселерді дәрігерлердің батылдығы мен білімділігінің арқасында ажалдан алып қалдық. Үйге оралғанда да науқастың жағдайы қалай болды екен деп алаңдап отырамыз, – дейді білікті мейіргер.

Шынында, ақ халатты адалдықтың белгісі деп түсінетін мейіргерлердің тынымсыз еңбегіне тәнті боламыз. Солардың қатарында мейірімді мейіргер Қымбат та бар. Бала жанына саулық сыйлаған Қымбат Байназароваға алғысымыз шексіз.

Аймақтың бас дәрігері Олжас Искаков «Медицина саласының атасы» атанған Ернияз Омарұлының жұбайы, адал еңбектің үлгісін көрсетіп, халықтың ықыласына бөленген сала ардагері Хадиша Омарованың шаңырағында болып, 90 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, құрмет көрсетті.

## 90 жастағы мейіргер

Хадиша Омарова – қаншама жыл қалалық ауруханада мейіргер болып еңбек еткен. Жұмыс барысында әрдайым өз ісіне асқан тиянақтылықпен қарап, біліктілік қабілетінің жоғарылығынан емдеу жұмысының ілгері жандануына үлесін қосқан ардақты ардагер. Қиын жылдарда қаншама науқастың жазылып, қатарға қосылуына қалтқысыз қызмет еткен кейуанаға қандай құрмет көрсетсе де жарасымды.

– Біз ауруханада қызмет істеген жылдары қазіргідей жоғары технологиямен жабдықталған медициналық құрылғылар болмады. Жылы сөзімізбен, мейірімді жүреппен, жылы шыраймен дерттің бірінші жан дүниесін емдедік. Науқасқа жылы сөйлесең, қатерлі дертті де жеңуге болады. Ақ халат кигендер антына адал болып, қызметіне асқан жауапкершілікпен қарауы керек. Басқа мамандық иелеріне қарағанда бізге аса жоғары міндет жүктелген. Ол – адам жанына араша түсіп, науқасты ажалдан алып қалу, – дейді қарт мейіргер.

Ғасырға таяу ғұмыр кешкен қария елдің мамыражай тыныштығын, береке-бірлігін тілеп, ақ батасын берді.



### ОҚЫРМАН ХАТЫ

Сырқаттанғанда жаныңыздан табылып, қысылғанда қол ұшын беретін, тәттің ғана ауруын емес, сонымен қоса жан жаранның да емін таба білетін дәрігерге алғыс айтқым келеді. Әдетте, науқастанып қалған жандарға білікті білімімен, жылы қабағымен қуаныш сыйлайтын адам жанының арашасы болып жүрген, дәрігерлер жөнінде көп айтыла бермейді. Дәрігердің арқалаған жүгі мен жауапкершілігі де жеңіл емес.

## ДӘРІГЕРГЕ АЛҒЫС

Қаладағы №4 емханасының, Махамбет ауылындағы дәрігерлік амбулаторияға қарасты №21 аймақ дәрігері Жұбаниязова Айнұр Елеусінқызына шынайы алғысымды білдіргім келеді. Өзім осы дәрігерге қарасты аймақта тұрамын. Айнұр дәрігер отбасымызға ұй аралау барысында соғып, өзімнен бастап, балаларымның хал-жағдайын сұрап, алдағы өтетін профилактикалық тексерулермен таныстырып, ақпарат беріп тұрады. Кейде сырқаттанып қалған кездерімізде үйден келіп қарап немесе қабылдауында болғанда өзінің қанша жылдық оқыған білімімен, адамгершілік тұрғыда жылы шырай танытып, көркем мінезімен, өзіне тән сөйлеу мәнерімен, биязылығымен қабылдау жүргізеді. Дерттіміздің шипасын тауып, сауықтыру шараларын жоғары деңгейде жүргізетініне талай мәрте көз жеткізген жайым бар. Денсаулық сақтау ісіндегі елдің амандығы мен игілігі үшін жасаған адал әрі шынайы қызметіне құрметім мен алғысымды білдіремін. Еңбек жолындағы күш-қуаты сарқылмасын, қанаты талмай, үлкен жетістіктерге жете беруіне тілектеспін. Отбасына амандық, деніне саулық тілеймін!

Бағдат БЕКЕТОВ

жылы, біреуі биыл өмірден өтті. Біреуінің жүрек миокардының жиырылу қызметі әлсіреп, өмір сүру сапасы едәуір төмендеген. Науқастардың бәрі ауруханаға түскенге дейін бір жыл бойы энергетикалық сусынды тұрақты пайдаланғанын білдік. Дәрігерлер тиісті ем-шара қабылдағанына қарамастан, өкінішке қарай, дерттен айығу мүмкін болған жоқ,

Бонн университеті жүргізген зерттеуге сүйенсек, адамдардың энергетикалық сусын ішкеннен кейін 1 сағат ішінде жүректің соғу жиілігі күшейген. Ал Американың кардиология ассоциациясы зерттеу жүргізгенде 1 құты энергетикалық сусын ішкен адамның 1,5 сағатта қан қысымы айтарлықтай жоғарылап, жүректің белсенділігі (ЭКГ-дегі QT аралығының ұзаруы) өзгеретіні анықталған. Бұл сусын жүрек ырғағының бұзылуына, тіпті жүректің тоқтап қалуына әкеп соғуы мүмкін. Әсіресе, бұл жүрек-қан тамыры ауруы анықталмаған адамдар үшін қауіпті.

Гипертония, аритмия, жүрек инфарктісін өткерген, қант диабеті бар адамдарға, жасөспірімдер мен балаларға, жүкті және бала емізетін әйелдерге сергіткіш сусыннан бас тартуға кеңес беремін.

Рауан САЙЛАУОВА,

Облыстық көпбейінді ауруханасының кардиология-2 бөлімшесінің дәрігері

## АНА СҮТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Ана сүті – жаңа туған нәресте үшін теңдессіз көрек. Ана сүті сапалы және пайдалылығымен басқа тағамдардан жоғары тұрады.

Дүниеге келген сәбидің дұрыс дамуы мен өмірге бейімделуіне әсер ететін жалғыз өнім – ана сүті. Бала дүниеге келгеннен кейін 6 ай бойы тек ана сүтімен қоректенеді. Содан кейін ғана қосымша тағамдар беруіне болады. Өкінішке қарай, қазіргі тәжірибеде әйелдердің 30%-ы ғана 6 айға дейінгі сәбиді омырау сүтімен қоректендіреді екен. Ал қалған 70%-ы арнайы дайындалған қоспаның көмегіне жүгінеді. Ғалымдар ана сүтінің құрамында 3000-нан аса қажетті заттар бар екенін дәлелдеген. Ал арнайы дайындалатын қоспаларда 50-60-тай ғана микроэлементтер мен дәрумендер бар. Ана сүтіндегі заттарды қолдан жасау мүмкін емес және олардың бәрі де бала ағзасының дамуында өзіндік рөл атқаратыны түсінікті. Омырау ему арқылы баланың тістей алу қабілеті және сөйлеу тілі қалыптасып, бет бұлшықеттері жақсы қалыпқа келеді. Өйткені бөтелкемен ему ыңғайлы әрі тез. Көп күшті талап етпейді.

Ана сүтінің тиімділігі көп, яғни қашанда қасыңызда, ылғи да тұтынуға дайын, арнайы эфирлеуді қажет етпейді, анасы бірнеше күн емізбесе де көкіректе не ашып, не бұзылып кетпейді, оны еш жерден сағып та ала алмайсыз, ол тек сіздің балаңызға ғана арналған. Ана сүті ішек жұқпалы, респираторлық-жұқпалы, аллергиялық аурулардың алдын алып, баланың физикалық өсуін дамытып, сана-сезімін жетілдіріп, жүйке жүйесін дамытып, диабет және семіздік ауруына шалдығу қаупін төмендетеді.

Әр анаға баланызды емізу арқылы оның иммунитетін арттырыңыз деген кеңес беремін.

Айнұр ЖҰБАНИЯЗОВА,  
№4 емхананың жалпы  
тәжірибелік дәрігері



## Мейірімді Ғалия

Арманы орындалып, 2003-2007 жылдары медициналық колледжді «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша бітіріп, алғаш еңбек жолын көпбейінді облыстық аурухананың көз аурулар бөлімшесіне мейірбике болып бастады. Мұнан соң 2016-

2018 жылдары медициналық жоғарғы колледжде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша оқып, «Қолданбалы бакалавр» біліктілігін алды. «Талпынған жетер мұратқа» дегендей, 2019-2021 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірді. 2015 жылдан бастап қабылдау бөлімшесінің кеңейтілген тәжірибелі мейіргері қызметіндемін. Еңбек өтілім – 16 жыл. Отбасылымын, 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырмын. Жолдасым Айтуған Оспанов облыстық жедел жәрдем станциясында жүргізуші қызметінде. Екеуміз де денсаулық саласында жұмыс істейміз. Мейіргерлік мамандық төзімділікті, еңбектенуді талап етеді. Бүкіл елді дүрбеленге түсірген пандемия кезеңінде қатты қиналғаным есімде. Талай жастар қатерлі дерттің құрбанына айналып көз алдымызда жан тапсырды. Іштей жылап тұрсақ та, қайратқа мініп, науқас адамдардың өзіне, ағайын-туысына қолдау көрсетіп, жылы сөз айтуға тырыстық. Енді пенденің басына мұндай қасіретті көрсетпесін. Көзге көрінбес тажалмен арпалысқан сәттерді ешқашан ұмытпаймын. Қиындық артта қалды. Қалыпты қызметімізге оралдық. Ең бастысы, ел тыныш болсын, – дейді Ғалия Байжанқызы.

### МАМАН КЕҢЕСІ



## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНҒА ӘУЕСТЕНБЕҢІЗ

Облыстық көпбейінді ауруханасының кардиология-2 бөлімшесіне 22, 32 жастағы және 33 жастағы, барлығы төрт науқас түсті. Олар жүрек сырқатына, оның ішінде созылмалы жүрек жетіспеушілігіне шалдыққан. Соның екеуі өткен

жылы, біреуі биыл өмірден өтті. Біреуінің жүрек миокардының жиырылу қызметі әлсіреп, өмір сүру сапасы едәуір төмендеген. Науқастардың бәрі ауруханаға түскенге дейін бір жыл бойы энергетикалық сусынды тұрақты пайдаланғанын білдік. Дәрігерлер тиісті ем-шара қабылдағанына қарамастан, өкінішке қарай, дерттен айығу мүмкін болған жоқ,

Бонн университеті жүргізген зерттеуге сүйенсек, адамдардың энергетикалық сусын ішкеннен кейін 1 сағат ішінде жүректің соғу жиілігі күшейген. Ал Американың кардиология ассоциациясы зерттеу жүргізгенде 1 құты энергетикалық сусын ішкен адамның 1,5 сағатта қан қысымы айтарлықтай жоғарылап, жүректің белсенділігі (ЭКГ-дегі QT аралығының ұзаруы) өзгеретіні анықталған. Бұл сусын жүрек ырғағының бұзылуына, тіпті жүректің тоқтап қалуына әкеп соғуы мүмкін. Әсіресе, бұл жүрек-қан тамыры ауруы анықталмаған адамдар үшін қауіпті.

Гипертония, аритмия, жүрек инфарктісін өткерген, қант диабеті бар адамдарға, жасөспірімдер мен балаларға, жүкті және бала емізетін әйелдерге сергіткіш сусыннан бас тартуға кеңес беремін.

Рауан САЙЛАУОВА,

Облыстық көпбейінді ауруханасының кардиология-2 бөлімшесінің дәрігері

Жарнамада энергетикалық сусындардың шаршау, ұйқысыздық, артық жүктеме кезінде сергектік сыйлайтыны айтылады. Ал мен дәрігер ретінде оны жиі қолдану жүрекке қауіпті екенін ескерткім келеді.



Бетті дайындаған Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА

# АЖЫРАСУ – ҚОҒАМНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

124 мыңнан аса жұптың тең жартысы ажырасып кеткен

Елімізде ажырасқан отбасылардың көбейгені алаңдатарлық мәселе. Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев Қазақстанда ерлі-зайыптылардың ажырасуының көбейгені жөнінде статистикадан деректер келтірді. 2024 жылы отау құрған 124 мыңнан аса жұптың тең жартысы ажырасып кеткен.

– Балаларын асырауға ниеттің болмауы, алимент төлеуден жалтару – отбасы-неке қатынастары дағдарыстарының салдарынан болып отыр. Бұған дәлел, өткен жылы тіркелген 61 080 ажырасу санын құрайтын статистикалық көрсеткіш, бұл неке кию санының жартысына жуығын құрады. Осы тұста отбасы институтын нығайту және балалардың мүдделерін қорғау бойынша жауапты мемлекеттік органдардың кешенді жұмыс жүргізуі қажет деп санаймыз, – деді Ерлан Сәрсембаев.

Зерттеулерге сүйенсек, елімізде ерлі-зайыптылардың ажырасуына туыстарының араласуы басты себеп болған. Ал шектеулердің әсерінен 41 пайызы ажырасуға шешім қабылдаған. Ал басқа да жағдайлар бойынша ажырасу 25 пайызды көрсеткен.

## Отбасын жоспарлау – дұрыс шешім

Қазіргі таңда отбасындағы араздық, дау-жанжалдың көп болуы жастардың бір-біріне деген сеніміне селкеу түсіргендей. Бұл тұрғыда психологтар отбасын жоспарлаудың да дұрыс шешім екенін айтады. Ажырасудың негізгі себебі алдамшы сезімнің әсерінен тез үйленеді де, жастар бір-бірін дұрыс танымайды.

– Ажырасу – қоғамда кең таралған әлеуметтік және психологиялық мәселе. Жұбайлар арасындағы түсініспеушілік, эмоционалдық қолдаудың жетіспеуі және сенімсіздік ажырасуға жиі себеп болады. Кейде ерлі-зайыптылар бір-бірін толық танып-білмей, асығыс шешім қабылдап қояды. Отбасындағы жұмыссыздық, әсіресе ер адамның жұмыс істемей, қаржылық тұрақсыздық және тұрмыстық қиындықтар отбасындағы шиеленістерді одан әрі күшейтіп, оның соны ажырасуға әкелуі мүмкін, – дейді облыстық психологиялық қолдау орталығының «Психологиялық көмек» бөлімінің менеджері Раушан Мұстафаева.

Психологтың сөзіне сүйенсек, ата-ананың ажырасуы балалар үшін үлкен психологиялық соққы. Мұндай жағдайда балалардың психологиясы ата-ананың ажырасуына баланың ажырасуы түрлі және ата-аналардың өзара қарым-қатынасына байланысты түрлі көрініс береді. Әсіресе, 5-9 жас аралығындағы балаларда бұл жағдай депрессия, мазасыздық және агрессия сияқты белгілермен көрініс берсе, ал кейбір балалар тіпті ата-анасының ажырасуына өзін кінәлі сезініп, өзін төмен бағалай бастайды.

## Салықты көбейту себеп бола ма?

Енді ажырасатындарға салынатын салық көбейеді. Бұл туралы Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі, депутат Берік Бейсенғалиев айтты. Оның сөзіне сүйенсек, ерлі-зайыптылар ажыраспас бұрын ойлануы, эмоциямен шешім қабылдамауы үшін баж салығының мөлшері көбеймек.

– Бұл асығыс шешім қабылдамауға, ойлануға мүмкіндік береді деген пікірдеміз. Әсіресе, жас отбасылар үшін. Мұндай шара ажырасу мәселесін толық шешіп тастамаса да азайтуға себеп болады деп ойлаймыз, – дейді депутат.

Ажырасуға салынатын баж салығы 20 АЕК көлемінде белгіленген. Бұл – 79 640 теңге. Мұндағы басты мақсат отбасын сақтап қалу қоғам үшін маңызды міндет екенін ұмытпауымыз қажет.

Бұл ұсынысты Мәжіліс депутаты Ардақ Назаров та қолдайтынын білдірген. Депутаттық сауалында ол елдегі демографиялық жағдайға байланысты бірнеше ұсынысын жеткізді. Мәселен, ажырасуға өтініш білдірген ерлі-зайыптылардың арызын қабылдас бұрын арнайы мемлекеттік баж немесе жарна төлеуге міндеттеу, ажыраспақшы болған жұпты татуластыру үшін қоғамдық кеңес, ардагерлер алқасы, имамдар, әйелдер кеңесінің жұмысы ықпал етеді. Сонымен қатар жас отбасыларды қолдауға бағытталған «Жас отбасы» ұлттық бағдарламасын әзірлеу, үйлену тойын өткізу кезінде кең көлемді ақпараттық-идеологиялық түсіндірме жүргізу.

– Ажырасу тек екі адамның тағдыры ғана емес, бүтін бір ұрпақтың, қоғамның мемлекеттің мәселесі. Сондықтан бұл мәселені тек жеке отбасы деңгейінде емес, ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылық тұрғысынан қарауымыз қажет, – дейді Мәжіліс депутаты.

## Түйін.

Адамзаттың басты міндеті – отбасын құрып, ұрпақ өрбіту. Тал бесіктен жер бесікке дейін артынан із қалдырып, ұрпағына өнегелі тәрбие беруге асығады. Батыстан соққан суық жел сияқты, түрлі «сән» санамызды ұлап барады. Тіпті азаматтық некеге тұрып, көңіл қоны қаламаса, әп-сәтте қош айтысуға дайын жастардың қарасы да аз емес.

Рас, сананы тұрмыс билеген уақытта бесіктегі баланың болашағына бей-жай қарайтындар көбейді. Сондықтан адал жар, ақ жаулықты ана болудағы жауапкершіліктің жүгі ауыр екенін ескеру керек. Жаңадан көтерген шанырақты сақтап қалуды мақсат ете білген жөн. Балалардың болашағына сызат түспеу үшін ауызбіршілік пен татулықты дәнекер еткен абзал.

## ЖҮРЕК КІЛТІ

Қоғамда бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер жеткілікті. Әлеуметтік желіні ашып қарасақ, балалардың қызығуы, бірін-біріне қорық-зорлық көрсету мәселесі тым өршіп барады. Бала – ана-атаның айнасы. Жақсы адам бола біту үшін ұрпағына мықты тәрбие берудің керек. Бүгінгі «Жүрек кілті» айдарымымыздың тақырыбын бала мәселесіне арнағанды жоң қорғис. Себебі бұл тақырып кезек күттірмейді. Соңғы уақытта көбінесе баланың жауапкершілігін мұқабіте арып қоятындар көбейді. Алайда бала тәрбиесінде ана-атаның атқарар міндеті зор. Бала тәрбиесі немқұрайлыққа кешірімейді. Олар қамқорлыққа мұқтаж. Осы мәселе тоңірегінде балалар психологы, облыстық психологиялық қолдау орталығының басшысы Жұмагүл Тасболатқызы,

Жұмагүл ТАСБОЛАТҚЫЗЫ, балалар психологы, облыстық психологиялық қолдау орталығының басшысы

# БАҚЫТТЫ ОТБАСЫНДА ӨСКЕН БАЛАНЫҢ КӨҢІЛІ ТОҚ БОЛАДЫ

– Бүгінде ашушаң бала көбейіп барады. Жасөспірімдер арасында қылмыстың көбеюі осыған байланысты болуы мүмкін бе?

– Иә, ашушаң адам мейлі, ол бала болсын, онда агрессияның белгілі бір деңгейі бар: ол өзінің әрекеттеріне жауап бере алмайды, жан-жағымен жиі дауласады, өзінің қателіктерін басқалардан көреді, ережені орындаудан бас тартады, сезімтал және қырық. Байқағандарыңыздай, ол қылмысқа бейім, сол себепті қылмыстың көбеюі себебін ашушаң адамдармен байланыстырамыз. Жалпы психологияда дағдарыстық жас деген бар. Осы дағдарыстық жаста балада ашу қалыпты деңгейден жоғары болады. Неге? Себебі әр дағдарыстық жаста бала анадан ажырап (сепарация) отырады. Ал ашуды сол ажырау кезінде белгілі бір деңгейде күш беруші құрал ретінде қарастырамыз. Баладағы дағдарыс кезеңдер – бала дүниеге келгенде, 1, 3, 7, 11-13, 17 жаста болады. Сол себепті баланың ашушандығы неден туындағанын анықтау маңызды.

– Ата-ана мейірімі дейміз, дегенмен баласына қатыгездік танытатындар бар ма?

– Көбіне бала мен ата-ана арасындағы мәселелер баланың өсу кезеңімен байланысты болады. Неге? Бала өсе келе өзінің ойы мен қалауы пайда болып, ол ата-анасының пікіріне қайшы келіп, түсінбеушілік орын алғанда ата-ана баланы мәселе көре бастайды. Тіпті аналар қауымы жаратылысына сай сезімталдықа салынып, «шаршадым сенен», «бәле болдың», «жүрген жерің мәселе» т.б. сөздермен баланың жадына «сен мәселесін» деген хабарламаны беріп те үлгіреді. Нағыз мәселе осы хабарламаны алған күні басталады дей беріңіз. Себебі бала анадан алыстайды, ол өзін а т а -

анасы тірі бола тұра жалғыз сезінеді. Бұл сөздерді эмпатия жасап өзіңізге айтып көріңізші. Сүйіп қосылған жарыңыз немесе жұбайыңыз «сен, бәле болдың», «қайдан маған жолықтың?», «сенен шаршадым» десе қандай күйде болар едіңіз? Ештеңе болмағанды жайрандап «Рахат-ай мен бәле болып жүр екенмін» деп жүре берсеңіз ба? Әрине, жоқ! Айтпағым отбасындағы мұндай мәселелер кейде сөйлеспей ренжісіп апталап жүруден, бөлек бөлмеде жатудан, тіпті кейде ажырасуден аяқталады. Ал ең өкініштісі, бала сізден ажырасып кетуге қауқарсыз, сізге мұқтаж. Меніңше, бұл қатыгездіктің ең шегі. Баланы ұрып соқпасаң да, осы қатыгездік жетіп жатыр.

– Баламен сырлас дос бола алмайтын немесе қол жұмсайтын ата-аналар қандай кеңес айтар едіңіз?

– Бұл сұрағыңызға сұрақпен жауап бергім келеді. Күрметті ата-ана, сізге сол бала «мені өмірге алып келші» деді ме? –Өздеріңіздің ата-ана бақыты деген ең күрметті атақты, бала махаббатын, ләззатты сезінгілеріңіз келгені үшін оған өмір сыйладыңыз ғой! Ал сіз оны не үшін жауапкершілікке тартып немесе жазалайсыз? Ол не үшін кінәлі! Ол бұрыс жолды тандаса, оның қажеттілігі өтелмеген шығар! Себебі балада тәрбиеленуге, өмірдің ережелерін үйренуге қажеттілік бар. Бар мәселе балада емес, сізде шығар. Балада туа сала психика болмайды, оны қалыптастырушы алдымен ана, содан кейін әке, отбасы мүшелері. Сіз өзіңізді басқара алып дауыс көтермей, ұрмай, әңгімелесіп, сырлас бола отырып ересек адам ретінде дұрыс дағдыны қалыптастырушысыз. Қазір материалдық құндылық билеген заманда қажығыстың көбі бірнәрсе алып бер немесе бару керек, қаржы бер дегеннен туады. Бала өз қалауын кейінге қалдыра алмайтын тұлға, қалағаны болмағанда қынырлыққа салынады. Бұл қалыпты. Десе де, сіз алып бере алмайтын себебіңізді байбаламға бармай түсіндіруге тырысыңыз. Мысалы, телефонның жана үлгісін сұраған баланызға қазір қаржылық қиындықтар болып тұрғанын, оның себепті, қанша уақытта реттелетінін және мүмкіндігіңіз болатынын айтып түсіндіруге болады. Бүгінгі заманның баласы қорқыту мен жазалаудан үрікпейді. Олар тумысынан жақсы мен жаманды ажырата алады. Оларға тек сол қабілетті дамытуға мүмкіндік беру қажет.

– Балаларына жақсы сөз айта алмайтын ата-аналар да бар...

– «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтылмаған. Ал балаға жаман сөз айту, оны ырыстан құр қалдырады. Әрбір адамның кемел болуға мүмкіндігі бар.

Бетті дайындаған  
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Сол ынтаны сіз бірауыз өзіңізбен жоққа шығаруыңыз бек мүмкін. Сондықтан әсіресе балаға жақсы сөзді аямаған дұрыс.

– Бір-бірімізден озғымыз келеді. Баланы да жұрттың баласымен салыстырамыз. Мұның қандай кері әсері бар?

– Бұл барлық отбасына тән. Тіпті болмай бара жатса үйдегі балаларымызды, «анау тамағын ішіп қойды, сен тауыспадың» деп салыстырамыз. Олай өскен балалар бауыр емес, бәсекелес болады. Ал жұрттың баласымен салыстырған балалар өзін-өзі бағалауы төмен, бастаған ісінен ләззат ала алмайтын болып өседі.

– «Үяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген. Бақыттың не екенін білмейтін кейбір аналар оны балаларына қалай көрсетеді?

– Сұрағыңыз орынды. Ата-ана қандай күйде баланың есінде қалса, соны қайталайды. Ол тағы бір ұрпақты қалаушы, өмірді жалғастырушы. Сол себепті балаларға тәтті балалық шақ сыйлау маңызды. Мысалы, өзім үйде мәңгі пісіргенде үнемі ананың мәңгісің, әкем, бәріміз оны түйген сәт көз алдыма, тіпті иісі мұрныма келеді, елітіп, қуанып, сағынып, түрлі сезімдермен еске аламын. Ал сіздің естелігіңіз қандай? Баланызға қандай естелік сыйлап жүрсіз? Бәрі маңызды.

– Қазіргі балалардың мазасыздығы анасын да шаршатып жібереді. Ол қиындыққа төтеп берудің жолы қандай?

– Бала емес, ана мазасыз шығар. Мүмкін, мазасыз күйде өмірге алып келді. Яғни баладағы қазіргі көрініс отбасындағы атмосфераның көрінісі шығар. Негізі, бала ата-аналарын, әсіресе аналарының көлеңкесі іспетті. Сол үшін мәселенің шешімі үлкендерде жатыр деп ойлаймын. Бақытты отбасында өскен баланың көңілі тоқ. Баласының мазасыздығынан шаршаған аналарлар үшін айтарым, олар ұйқыға кеткенде жанында отырып, пысылдаған дауысын, сіз бар деп сеніп ештеңеден хабарсыз жатқан бейкүнә сәтін тамашалап көріңізші. Мүмкін, ойыңыз өзгередер...

– Өркім баласының жақсы адам болғанын қалайды? Маман ретінде қоғамда жақсы, бір-біріне жылы сөз айта алатын адамдар азайғанын байқайсыз ба? Бұған не себеп?

– Себебі адамдарда құндылық өзгерген. Қазір барлық балаларды біреуден өзуге, эгоист болуға, қандай жолмен болсын, бірінші болуға, материалдық тұрғыдан бай болуға тәрбиелеп жатырмыз. Тіпті ана-аналардың тіршілігіне қарасаныз, олар тек баласын ешкімнен кем қылмау үшін, басқадан артық киім, телефон ұстауы үшін азыннан кешке дейін қаржы табуға жұмыс істейді. Балалармен әңгімелесіп, бүгінгі күнін қалай өткізгенін сұрайтын ата-ана жоқтың қасы. Мәселе осында деп ойлаймын. Ата-ана балаға көңіл бөлуі қажет. Балаға ата-анасымен өткізген әрбір сәт бағалы.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391

Тапсырыс №771

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА